

МЕМОРАНДУМ

ОЗАРА ӘРІПТЕСТІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ

Шымкент қ.

«06» 01 2025ж.

Біз, бірінші тараптан «А.Пушкин атындағы қалалық әмбебап кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Наталья Сергеевна Романова, (әрі қарай - «Кітапхана» деп аталады), және екінші тараптан TASHENEV UNIVERSITY ректоры Қанат Сейтжанович Байболов, (әрі қарай – «Университет» деп аталады), екеуі бірге – «Тараптар», келесідей шарт жасастық.

Қызметтің мәні мен міндеттері

1.1. Осы келісім Тараптардың жалпы тәртібі мен шарттарын айқындайды.

1.2. Шарттың мәні екі жақты өзара кәсіби қарым-қатынасты нығайтып, ынтымақтастық байланыстарды орнату арқылы жас буынның жан-жақты дамуына, адал азамат болып қалыптасуына ықпал ету болып табылады.

1.3. Кітапхана өзінің оқырмандармен жұмыс жүргізу тәсілдері мен әдістерін пайдалана отырып, университетке, ақпараттық көмек көрсетеді.

Тараптардың құқықтары мен міндеттері

Кітапхана келесі міндеттерді орындайды:

- университет оқытушылары мен студенттеріне кітапханалық, анықтамалық-библиографиялық және ақпараттық қызметтерді жүзеге асырады;
- кітапханадағы қолжетімді әдебиеттер туралы, жеке және ұжымдық ақпаратты жүзеге асырады;
- ақпарат күнін, мамандар күнін өткізуге;
- түрлі мәдени – ағартушылық іс-шараларды бірлесіп өткізуге;
- көшпелі кітап көрмелерін ұйымдастыруға.

Университет бірлескен іс-шаралар шеңберінде келесі міндеттерді орындайды:

- бірлескен іс-шараларын ұйымдастыруға және өткізуге жәрдемдесу;
- кітапхана қорынан алған кітаптар мен құжаттардың сақталуына және көрсетілген мерзімде қайтарып беруге;
- әдеби кештер мен басқа да іс-шаралар ұйымдастырылған жағдайда университет тарапынан оқытушылар мен студенттердің қатысуларын қамтамасыз ету.

Тараптардың жауапкершілігі

Осы Келісім бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы келіссөздер жолымен реттеледі.

Егер Тараптардың бірі өз міндеттемелерін орындамаса, екінші Тарап біржақты тәртіппен келісімді бұзуга құқылы.

Келісімнің қолданылу мерзімі

Келісім шартқа қол қойылған мезгілден бастап ол күшіне енеді және 31.12.2025 ж. дейін әрекет етеді.

Қорытынды ережелер

Келісімді жүзеге асыру барысында Тараптар адал ниет пен өз еркі қағидатын ұстанады. Осы Келісімдегі барлық толықтырулар мен өзгерістер, қосымшалар Тараптар үшін жарамды және міндетті болып табылады, егер олар жазбаша түрде жасалса және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойса, содан кейін олар осы Келісімнің ажыратылмайтын бөлімі болып табылады. Осы Келісім, әр Тарап үшін бір данадан жасалынған.

Келісім 31 желтоқсан 2025 ж. дейін жарамды.

Кітапхана

«А.Пушкин атындағы қалалық
әмбебап кітапханасы» КММ

Шымкент қ.,

Қазыбек би көш.,13 А

Индекс 160012

☎ (8-725-2) 53-40-56

☎ (8-725-2) 53-40-56

Университет

TASHNEV UNIVERSITY,

Шымкент қ., Д.Қонаев даңғылы, 21

☎ +7(776) 273-85-33



Н. Романова

01 2025 ж.

М.О.

Ректор



К. Байболов

2025 ж.

М.О.